

"Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 27 қарашадағы № 827 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8154 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 05 ақпандағы № 110 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 05.02.2015 № 110 бұйрығымен.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1153 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Б.Ш. Әбішев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Қ.Б. Әбсаттаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Жұмағалиев*
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің

2012 жылғы 27 қарашадағы
№ 827 бұйрығымен
бекітілген

**«Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын
сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу»
мемлекеттік қызмет регламенті**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі - Регламент) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 қаулысымен бекітілген «Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасының» (бұдан әрі – Қағидалар) 53-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1153 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) негізінде әзірленді.

2. Осы Регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік қызметті алушы (бұдан әрі - алушы) – жеке және заңды тұлғалар;
- 2) құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) – уәкілетті органдардың жауапты адамдарды, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік қызметті көрсету үрдісіне қатысатын ақпараттық жүйелер немесе кіші жүйелер;
- 3) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті.

3. «Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу» мемлекеттік қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтардың қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі –

ХҚҚО) арқылы уәкілетті орган Стандарттың 2-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет:

1) «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабының 3-тармағының 4) тармақшасы;

2) Стандарт;

3) Қағидалар негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі

7. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік органдардың және өзге субъектілердің қатысуысыз көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызметті аяқтау қорытындысы электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтары тізбесіне енгізу туралы бұйрықтың көшірмесі немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты беру болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің талаптары

9. Мемлекеттік қызмет ХҚҚО ғимараттарында мемлекеттік қызмет алушының мекенжайы бойынша көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес күн сайын дүйсенбіден бастап, сенбіні қосып алғанда көрсетіледі.

Қабылдау «электрондық» кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат және қажетті құжаттар, сондай-ақ оларды толтыру үлгісі:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында www.mtc.gov.kz мекенжай бойынша («Көліктік бақылау комитеті» бөлімінің «Мемлекеттік қызметтер» бөлімшесінде);

ХҚҚО интернет-ресурсында www.con.gov.kz мекенжай бойынша; ХҚҚО ғимаратында орналасқан стенділерде; call-орталықта 1414 орналастырылған.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттарды тапсырады.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында белгіленген.

14. Алушы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негізі болып табылады.

ХҚКО қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда алушыға жетіспейтін құжаттар белгіленген қол хат беріледі.

Уәкілеті орган ресімделген құжаттардың қателерін анықтаған, Стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттардың толық ұсынылмаған жағдайда құжаттар топтамасын алғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде бас тартудың жазбаша негіздемесін ХҚКО-на жолдайды.

ХҚКО қызметкері оларды алғаннан кейін алушыға бір жұмыс күні ішінде хабарлайды және көліктік бақылау органның бас тарту туралы жазбаша негіздемесін береді.

Егер алушы құжаттарды алуға мерзімінде жүгінбесе, ХҚКО оның бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етіп, содан кейін көліктік бақылау органына жолдайды.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) алушы ХҚКО-ға Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес өтініш береді;

2) ХҚКО қызметкері өтінішті тіркейді, ХҚКО жинақтаушы бөлімнің қызметкері құжаттарды уәкілетті органға жолдайды.

ХҚКО–дан құжаттар пакетін уәкілетті органға жолдау фактісі мемлекеттік қызметті көрсету барысында құжаттар қозғалысын зерттеп отыратын штрихкод сканері көмегімен бекітіледі;

3) уәкілетті орган кеңсесінің қызметкері құжаттардың уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттарды тіркейді және төраға немесе оның орынбасарларының қарауына береді;

4) уәкілетті органның төрағасы немесе оның орынбасарлары құжаттарды орындауға уәкілетті органның басқарма бастығына береді;

5) уәкілетті органның басқарма бастығы құжаттарды орындауға уәкілетті органның басқарма маманына береді;

6) уәкілетті органның басқарма маманы он күннің ішінде көліктік бақылау органынан ұсынылған құжаттарды қарап, қойылатын талаптарға сәйкес болған жағдайда сервистік орталықтары тізбесіне қосу туралы бұйрықты әзірлейді немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты береді;

7) уәкілетті орган кеңсесінің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ХҚКО-ға жолдайды.

Уәкілетті органнан Мемлекеттік қызметтің дайын нәтижесін қабылдау кезінде, ХҚКО қабылдаған құжаттарды штрихкод сканері арқылы бекітеді;

8) ХҚКО қызметкері алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесін – бұйрықтың көшірмесін немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапты жазбаша түрде береді.

16. ХҚКО-да мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүргізетін адамдардың ең аз саны бір адамды құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттамасы

17. Құжаттарды қабылдау «тосқауылсыз қызмет көрсету» арқылы жүзеге асырылады.

Алушыға тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі:

- 1) сұрау салудың нөмірі және қабылдау күні;
- 2) сұрау салынған мемлекеттік қызметтің түрі;
- 3) қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- 4) құжаттар берілген күні (уақыт) мен орны;
- 5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚКО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты.

Уәкілетті органға түскен өтініш жеке және заңды тұлғаларды тіркеу журналына тіркеледі, осыған қоса қазақ тілінде төменгі оң жақ бұрышына түскен күні мен кіріс нөмірі тіркейтін штампен басылады.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ:

- 1) ХҚКО қызметкері;
- 2) ХҚКО жинақтау бөлімшесінің қызметкері;
- 3) уәкілетті органның кеңсесі;
- 4) уәкілетті органның төрағасы немесе оның орынбасарлары;
- 5) уәкілетті орган басқармасының бастығы;
- 6) уәкілетті органы басқармасының маманы;
- 7) к у р ь е р .

19. Әрбір ҚФБ бірізділігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы және әрбір әкімшілік іс-қимылын орындау мерзімін көрсетумен әкімшілік іс-қимылдарының өзара іс-қимылдары (рәсімдері) осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісінде әкімшілік іс-қимылдардың логикалық біркелкілігі арасындағы схема және ҚФБ осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

«Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу»

мемлекеттік қызмет регламенті

1 қосымша

1-кесте. ҚФБ әрекетінің сипаттамасы

Негізгі үдеріс қызметі						
1	Қызмет №	1	2	3	4	5
				Уәкілетті органның	Уәкілетті органның	

2	ҚАБ атауы	ХҚО қызметкері	Уәкілетті органның кеңсесі	төрағасы, немесе олардың орынбасарлары	басқарма бастығы	Уәкілетті органның маманы
3	Әрекет атауы және олардың сипаттамасы	Электрондық (цифрлы) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесін енгізу туралы бұйрық көшірмесін алу үшін және арызды қарау; арызды және толық құжаттар тізбесін көліктік бақылау органдарына жолдайды	Қабылданған құжаттарды тіркейді және қарау үшін басшыға немесе оның орынбасарына жібереді	Уәкілетті органның басқарма бастығына орындауға жібереді	Уәкілетті органның маманына орындауға жібереді	Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтардың тізбесін енгізу туралы бұйрығын даярлайды
5	Орындалу мерзімі	20 мин.	1-күн ішінде уәкілетті органға арыздың келіп түскен күнінен бастап	1-күн ішінде уәкілетті органға арыздың келіп түскен күнінен бастап	1-күн ішінде уәкілетті органға арыздың келіп түскен күнінен бастап	8-күн ішінде уәкілетті органға арыздың келіп түскен күнінен бастап
6	Келесі әрекет нөмірі	10	9	8	7	6
7	Әрекет атауы және олардың сипаттамасы	Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесін енгізу туралы бұйрықтың көшірмесін беру.	Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтардың тізбесіне енгізу туралы бұйрығын ұсыну			
8	Аяқталу нысаны	Электрондық (цифрлы) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне енгізу туралы бұйрықтың көшірмесі				
9	Орындалу мерзімі	20 мин.	1 күн			

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс.

Негізгі үдеріс

1	2	3	4	5
ХҚО қызметкері	Уәкілетті органның кеңсесі	Уәкілетті органның төрағасы немесе оның орынбасарлары	Уәкілетті органның басқарма бастығы	Уәкілетті органның маманы
Электрондық (цифрлы) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесін енгізу туралы бұйрық көшірмесін алу үшін және өтінішті қарау; тіркеу журналына өтінішті тіркеу; арызды және толық құжаттар тізбесін уәкілетті органға жолдайды	Қабылданған құжаттарды тіркейді және қарастыру үшін басшыға немесе оның орынбасарына жібереді	Уәкілетті органның басқарма бастығына орындауға жібереді	Уәкілетті органның маманына орындауға жіберіледі	Электрондық (цифрлы) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтардың тізбесіне енгізу туралы бұйрығын дайындайды
Электрондық (цифрлы) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтардың тізбесінің қатарына кіру бұйрығының көшірмесін беру	Электрондық (цифрлы) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтардың тізбесінің қатарына кіру бұйрығын ұсыну			

«Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервистік орталықтарының тізбесіне қосу» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Функционалдық өзара әрекетестік диаграммасы

1	2	3	4	5
Х Қ О қызметкері	Уәкілетті органның кеңсесі	Уәкілетті органның төрағасы немесе оның орынбасарлары	Уәкілетті органның басқарма бастығы	Уәкілетті органның маманы

